

«Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «№4 Атырау қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы түсіндіру, талқылау хаттамасы №3

Атырау қаласы.

19 желтоқсан 2025 жыл

Өткізілген орны: №4 Атырау қалалық емханасының негізгі ғимаратының мәжіліс залы;

Қатысқандар:

1. №4 Атырау қалалық емханасының директоры Бауыржан Дүйсебайұлы Төлеген, компланс-офицері Куат Махмутжанович Жуманалиев;
2. №4 Атырау қалалық емханасының әкімшілік бөлімі;
3. №4 Атырау қалалық емханасының дәрігерлері;
4. №4 Атырау қалалық емханасының орта және кіші буында медицина қызметкерлері;

Күн тәртібінде: 9 желтоқсан халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне түсіндіру.

Алғашқы сөз алған №4 Атырау қалалық емханасының директоры Б.Д.Төлеген: 9 желтоқсан халықаралық сыбайлас жемқорлыққа күрес күні деп атап өтілуде. 2004 жылдан бастап Қазақстан аумағында белгіленген, осы күні 2003 жылы Мексиканың Мерида қаласында жоғары деңгейдегі саяси конференцияға қол қою үшін ашылды БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы, БҰҰ Бас Ассамблеясы 2003 жылдың 1 қарашасында қабылдады. Конвенцияның мақсаты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жою. Құжат оған қол қойған мемлекеттерді пара, бюджет қаражатын ұрлау және сыбайлас жемқорлық кірістерін жылыстатуды қылмыстық құқық бұзушылық деп жариялауға міндеттейді. Конвенцияның ережесіне сәйкес қаражатты сыбайлас жемқорлық нәтижесінде түскен елге қайтару қажет.

Қазақстан сыбайлас жемқорлықтан азат мемлекет құруға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын жүргізеді. Осы мақсатқа қол жеткізудегі негізгі міндеттер транспаренттік мемлекетін қалыптастыру, кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру, заңның үстемдігін қамтамасыз ету, бизнесті дамыту үшін жағдайларды жақсарту болып табылады.

Комплаенс-офицері К.М.Жуманалиев тыңдалды: 2025 жылы 8 желтоқсанда мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агентігінің Атырау облысы бойынша департаментінің ұйымдастырылуымен «Ашықтық, заңдылық, адаолдық» форумы өтті. Оған Атырау облысы әкімі Серік Жамбылұлы Шапкенов және мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агентігінің Атырау облысы бойынша департамент басшысы Нұрлан Тәңірбердіұлы Еркебаев және өзге де мемлекеттік органдардың өкілдері, ұлттық компания өкілдері қатысты. Ұлттық компания және мемлекеттік органдардың комплаенс офицерлері жоғары дәрежеде комплаенс қызметі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Облыс әкімі С.Ж.Шапкенов өз сөзінде: Жергілікті атқарушы органдарда және оған бағынысты мекемелерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізіліп, оның қорытындысы бойынша

нақты шара қабылданғандығын. Квазимемлекеттік сектордағы комплаенс қызметінің жұмысын жоғары бағалады.

Қаулы:

1.Әр тоқсан сайынғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тақырыбында талқылау ,түсіндіру жұмыстары ұжым алдында жүргізілсін.

Директоры

Хатшы

The image shows two handwritten signatures in blue ink. The first signature is larger and more stylized, while the second is smaller and more legible. To the right of the signatures is a blue circular official stamp. The stamp contains the text "АКТӨБЕ ОБЛАСТЫ АДАМ ШАРАСЫНЫҢ ЖААТРАСЫ" (Aktobe Region Administration) and "ҚАУЛЫ" (Resolution). The stamp also features a central emblem of the Republic of Kazakhstan.

Б.Д.Төлеген

К.М.Жуманалиев